



КЕНЕМОЛДИН МҰРАТ, тарихшы, журналист, «Абай» республикалық тәуелсіз фольклорлық-этнографиялық, әдеби-көркем журналының аға редакторы. Зерттеушінің Қазақ тарихы мәселелеріне, оның ішінде Алашордаға қатысты зерттеу мақалалары елімізге танымал. «Шәкәрім өмірінің белгісіз беттері» мақаласында Шәкәрімнің өмірі мен шығармашылығына қатысты тың деректер көрініс тапқан.

ШӘКӘРІМ ӨМІРІНІҢ БЕЛГІСІЗ БЕТТЕРІ

Ұлтымыздың мақтанышы, кеменгер ұлдарының бірі Шәкәрім өз өмірінің біраз жайын өзі жазып кеткен ақын. Оны «Мұтылғанның өмірі» поэмасы және «Түрік қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» атты шығармасынан білеміз.

Шәкәрім өмірі, қоғамдық қызметі жайында оның өзі жазып қалдыруы және Әлихан, Мұхтар, Жүсіп, Сәкен, Сәбит, Ғабит, Әбділла тәрізді төл әдебиетіміздің алыптары мен осы игілікті істі ары қарай жалғастырушы, Қ. Мұқаметханұлы, Е. Букетов, М. Базарбаев, Ы. Дүйсенбаев, Ш. Сәтбаева, С. Қирабай, М. Мағауин, Ә. Әлімжанов, Ә. Нұрпейісов сынды елге танымал әдебиетші-ғалымдар мен жазушыларымыздың еңбектері арқылы белгілі болғанымен, әзірге ғылыми тұрғынамасы жан-жақты зерттеліп, бір жүйеге түсе қойған жоқ. Ғұлама ақын өмірінің әлі де беймәлім тұстары жетерлік. Ол жайында зерттеушілер тарапынан айтылып та, жазылып та жүр. Мысалға, Шәкәрімнің Семейдегі орыс географиялық қоғамына 1903 жылы мүшелікке қабылданғаны, ал одан 1907 жылы шыққаны туралы деректерді алып қарайық. Бұл туралы орыс ғалымы Б. Герасимовтың «Летопись Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела Русского географического общества с 1902-1910 г.г.» атты еңбегінде айтылған. Демек айтылмыш еңбектің ақын өмірбаянын, өмір сүрген дәуірін, араласқан адамдарын, ортасын, осы кездегі ой-өріс, пікір-тұжырым калпы мен бағыт-бағдарын, тағы басқа жайларды тереңрек зерттеуге жәрдемің тигізері сөзсіз. Тіпті қоғамға мүшелікке алынғанда Шәкәрімнің өзі толтырған анкета, өмірбаяны, қағаздары сақталуы да мүмкін. («Шәкәрім Құдайбердиев шығармалары», Алматы: «Жазушы», 1988. 21-бет). Бүгінгі күнгі басты шаруаның бірі – Қазақстан және Ресей мұрағаттарынан

осы құнды құжаттарды іздеп табу қажет. Шәкәрімнің өміріне қатысты қазіргі Семейдегі жаңа тарихи құжаттар орталығына (бұрынғы Семей мемлекеттік архиві) біраз құнды құжаттар қолға тиіп отыр. Мысалы, соның бірі – 1917-1918 жылдары Семейде күн сайын шығып тұрған «Дело» газеті. 1917 жылы ақпан төңкерісінен кейін жарық көрген басылым болса керек. «Дело», общественно-политическая газета, № 145, Орган Семипалатинского областного комиссариата, четверг, от 30 (13) ноября 1917 года» деп жазылыпты. Газеттің осы санында Керенский басқарған Уақытша Үкіметтің қаулысына сәйкес Семей уездік Земстволық комитетінің жергілікті халықтық билік органына депутаттарды сайлау туралы, жалпы өткізілген сайлау қорытындысы туралы хабарландырулар, ресми құжаттар берілген. Онда ғұлама ақын Шәкәрімнің қоғамдағы, казак өміріндегі осындай саяси оқиғалардан сырт қалмай, сол кездегі Көкбай Жанатаев, Иманбек Тарабаев, Иманбазар Қазанғапов, Халел Ғаббасов, Райымжан Мәрсеков, Ахметжан Қозбағаров, Әлімхан Ермеков, Мұстақым Малдыбаев, Нәзипа Құлжанова тәрізді қазақ зиялыларымен бірге Семей уездік Земстволық жиынына депутат болып сайланғаны туралы тың дерек бар. Алаш көссі Әлихан Бөксіханов «Земство» атты мақаласында: «Земство – жұрт өзі сайлап қоятын мәжіліс мекеме. Жұрттың көзі, жанашыры, күзетшісі, қамқоры қорғаушысы. Тұрмыс-тіршілікте Земство билемейтін іс болмайды» дей келіп, «Земство мектеп салады, бала оқытады», «Земство дәрігер жалдап, аурухана ашып, ауруды емдетеді», «Земство қолында малды емдеу ісі болады», «Земство жұртқа егін салу жолын үйретеді», дегендей Земствоның тағы басқа да саяси, әлеуметтік-экономикалық қызметін атап көрсетеді. («Қазақ» газеті, 1917, №236, 17 июль). Шәкәрімнің де, дәл осы жылдары, ұлт мүддесі

жолындағы саналуан істерге араласып, үлес қосқанда күмән жоқ. Ол жайында ғұлама ақынның өзі де:

Түзелер деп қазағым,
Николай құлап өлген соң,
Тағы да тарттым азабын,
Алшықа жасым келген соң.
Құлдықтан қазақ босады,
Білмеймін, қайдан тосады.
Күн шыққанға ұқсады,
Бостандық сәуле берген соң.
Оқыған жастың етегін,
Қабыл алдым жетегін,
Босқа жатып не темін,
Бостандық туын көрген соң –

деп айтады емес пе? Семейдегі жаңа тарихи құжаттар орталығындағы Семей уездік Земство басқармасының (төрағасы Ахметжан Қозбағаров, бөлімдерінде әр жылдары Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытов, Биәхмет Сәрсенов, Жақып Ақбаев, Әлімхан Ермеков, Әбікей Сәтбаев, т.б. қызмет істеді) елді саяси басқару ісінде, оқу-ағарту, мәдениет, өнер, шаруашылық салаларында атқарған жұмыстары туралы том-том ресми құжаттар соған нақты дәлел болады.

Семей уездік Земстволық жиынына депутаттарды сайлау, бұл сонау 1914 жылғы Бірінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында Семейде өткізілген соңғы қалалық думата сайлаудан кейінгі тұңғыш сайлау болды. Мысалы, ол жайында кеңес өкіметі кезінде Семейде шығып келген «Прииртышская правда» («Пп, № 271, от 24 ноября 1939 года») газетіндегі «Последняя дума» атты мақалада: «В мае 1914 года, накануне мировой войны, в Семипалатинске происходили последние выборы так называемых гласных в городскую думу на следующие четырехлетие. ...Как и следовало ожидать, результат этих выборов мог в полне удовлетворить господствовавшую верхушку города. В число избранных русских оказались 26 коммерческих и промышленных деятелей, 2 доктора, 2 учителя, 2 адвоката, 2 чиновника и из татар 9 коммерсантов и 2 банковских чиновника» деп жазылған. Көріп отырсыздар, патша үкіметі кезінде Семей қалалық думасына депутаттыққа сайланған бірде-бір қазақ болмапты. Ал 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейінгі кезеңде Семей уездік Земстволық жиынына жалпы саны отыздан астам қазақ сайланған. Мұның өзі ХХ ғасыр басында қазақ зиялыларының саяси билікке ұмтылысы, белсенділігінің артқанын байқатады. Осы «Дело» газетінде жарық көрген С. Возмитель деген біреудің «О выборах гласных в Семипалатинское уездное Земство» атты мақаласында: «14 ноября в Уездном Комитете по введению земства рассматривались результаты выборов по Семипалатинскому уезду. Стоя на страже крестьянских интересов, я громко заявлю о крахе русской части земстве в этот уезде. Едва ли нас удовлетворят двое русских гласных на 38 киргиз.

...Итак, товарищи, если мы посмотрим на

будущее земство, где будет два русских представителя против почти 40 киргизских гласных, куда будут поступать наши жалобы и наши земские сборы, и откуда будут исходить хозяйственная и экономическая распоряжения, я не знаю, смогут ли товарищи Богатырев и Парасочкин, вдвоем достаточно отстоять интересы русского населения. Представители киргиз и задумал и пойти навстречу, но не слишком-ли поздно?

Киргизское население совершенно отнеслось иначе. Они отложили всякая домашняя обстоятельства, даже организовали транспорты для перевозки лиц, имеющих право участвовать в выборах. И в проведении земства оказались у них самые лучшие результаты. «Прошли все образованные лучшие работники и даже на славу провели одну женщину» дегенді айтады.

Шын мәнісінде, 1917 жылдың 14 қарашасындағы Семей уездік Земстволық жиынына депутат болып 7 округ бойынша 37 қазақ (соның ішінде 4-5 татар болуы да мүмкін – автор М.К.), 3 орыс сайланған. Семей уезінің қазақтары, әсіресе қазақ зиялылары сайлау кезінде ауызбірлік танытып, ұйымшылдық көрсете білген. Семей уездік Земстволық жиынына депутаттыққа сайланғандар тізімінде Шәкәрім қажының аты-жөні бесінші сайлау округі бойынша ең бірінші болып «Худайбердинь Шакарим, Чингизской волости» деп тіркелгені. Ғұлама ақынның өзі пірі кезінде жарияланған еңбектері мен кейбір мақалаларында «Құдайбердіұлы Шәкәрім» немесе «Құдайбердин» деп қолы қойылған, ал Құдайбердиев болып қашаннан жазылғаны, кім жазғаны белгісіз. Бұл, әрине, кішігірім ғана мәселе болып көрінгенімен, ғылым, тарих, әдебиет өкілдерінің өмірбаяны мен қызметіне қатысы бар әр дерек, мәлімет дәлділік пен бірыңғайлықты қажет ететін ескерілуі шарт («Шәкәрім Құдайбердиев шығармалары», Алматы: «Жазушы», 1988. 8-бет).

Төменде Шәкәрім қажының 1917 жылдың 14 қарашасында Семей уездік Земстволық жиынына депутат болып сайлануы туралы ресми құжатты, сондай-ақ Семей уездік Земстволық комитетінің хабарландыруларын ұсынып отырмыз (Семипалатинский ЦДНИ, ф-37, о-01, д-5). Біз тек жария (гласные) депутаттардың тізімін ғана бердік. Ал кандидаттардың тізімін жариялауды қажет деп талпадық. Әдетте, ол жылдары депутат немесе болыс болып сайланушыларға қоса кандидаттардың да тізімі беріліп тұрған. Мұның өзі депутаттың орыны босай қалса, кандидат дайын тұруы керектігін аңғартады.

«Семипалатинский Уездный по введению Земства Комитета на основании отдела XII Постановления Временного Правительства 17 июня 1917 года о введении земских учреждений в губернии Архангельской и в Сибири (Сбор. Указ. ст. 894) и отдела XII Постановления Временного Правительства 17 июня 1917 года о введении земских учреждений в областях Акмолинской, Семипалатинской, Семиреченской, Тургайской и Уральской (Собр. Указ. ст. 910),

объявляет во всеобщее сведение, что в гласные и кандидаты к ним (по семи округам) избранными оказались:

Приложение к № 289

Гласные

По I-ому избирательному округу.

1. Рахманкуловъ Аргынгазы Рахманкуловичъ, Эрикейская волость
2. Ертугаловъ Джиделхагъ, Эрикейской волости.
3. Сыдыковъ Аскыр, Кандыгатайской в.
4. Мусинъ Торгай Кандыгатайской в.
5. Альджановъ Тургалй Альджановичъ, Эрикейской волости.

По II-му округу:

6. Джанатаевъ Кокпай, Ауль № Мукурской волости.
7. Утеповъ Толумханъ, Пикеть Аркатъ.
8. Тарабаевъ Иманбекъ, городъ Семипалатинскъ
9. Муздыбаевъ Курманбай, Зарьчная Слободка.
10. Казангаповъ Имамбазаръ, Кызылмулинская волость Ауль № 1.

По III-му округу

11. Дусаевъ Тулбамбекъ, Село Привольное Митрофаньевской волости.
12. Салыкпаевъ Темербекъ, Село Привольное Митрофаньевской волости.
13. Салтыкпаевъ Бултабай, Село Привольное Митрофаньевской волости.
14. Нурлубаевъ Казбекпай, Дельбегетейской волости.
15. Богатыревъ Иванъ Емельяновичъ Село Карповское Карповской волости.
16. Парасочка Иванъ Пантелеймоновичъ, Село Привольное, Митрофаньевской волости.

По IV-му округу

17. Марсековъ Раимжанъ Марсековичъ, г.Семипалатинскъ.
18. Бодомбаевъ Колдыбай, Коконьской волости.
19. Андамасовъ Ахметчанъ, Зарьчная Слободка.
20. Юсуповъ Темирчи, Зарьчная Слободка.
21. Есергеповъ Бейсеке, Зарьчная Слободка.
22. Мусинъ Байтемиръ, Семитавская волость.

По V-му округу

23. Худайбердинъ Шакаримъ, Чингизской волости.
24. Танибердинъ Деньислямъ, Чингизской волости.
25. Араповъ Деньислямъ, Чингизской волости
26. Чудембаевъ Джамчирбай, Бугулинской вол. (Зарьчн. Слоб.).
27. Козбагаровъ Ахмеджанъ, Бугулинской волости. (Зарьчн. Слободка).
28. Укубаевъ Джумджума, Чаганской волости (Зарьчн. Слоб.).
29. Джиренчинъ Кулсулеймень, городъ Семипалатинскъ.

По VI округу

30. Еркековъ Алимханъ, гор. Семипалатинскъ.
31. Малдыбаевъ Мустакимъ, гор. Семипалатинскъ.
32. Кульджанова Назифа, гор. Семипалатинскъ
33. Булатовъ Айтамухамедъ Есабаевичъ, Айгыржальской волости.
34. Джакиповъ Закиръ, Кентюбекской волости.

По VII—му округу

35. Габбасовъ Халиль Ахмеджановичъ, г. Семипалатинскъ.
36. Джайтугановъ Искакъ, гор. Семипалатинскъ
37. Кувандыковъ Мухамедй, Аккумская вол. Ауль №1-й
38. Байджумановъ Хасень, Аккумская вол. Ауль № 1.
39. Тухватуллинъ Ибатулла, Александровская волость.
40. Петровъ трофимъ Сергъевичъ, С. Ново-Николаевкое. Председатель С. Брюхановъ. Секретарь Колобовъ.

Семипалатинский Уездный по введению Земства Комитет, объявляет во всеобщее сведение, что первое чрезвычайное земское собрание назначено на честое декабря в 11 часов дня в доме Свободы.

И просит г.г. гласным Уездного Земства пожаловать на таковое.

Председатель С. Брюханов.

Секретарь А. Колобов.

Член Семипалатинского Делегатского Собрания приглашаются на заседание в четверг 30-сего ноября в 8 часов вечера в помещение «д. Свободы».

Семей уездк Земство жиынына кезектi сайлау науқанын 1919 жылдын басында өткізу жоспарланган көрнеді. Оны Семей уездік Земство басқармасынын төрағасы Ахметжан Қозбағаров қол койған 1918 жылдын 19 қарашасындағы № 5343 өкімі айғақтайды. (Семипалатинский ЦДНИ. Ф-37, о-01, д-55). Енді осы ресми құжаттан шағын үзінді келтірейік: «Очень срочно. Циркулярно. Всем Волостным Исполнительным Комитетам Семипалатинского уезда.

1-ого января 1919 г. стекаеть сроки полномочии гласных Семипалатинского Уездного Земского Собрания. В дальнейшем следует произвести выбора Уездных Земских гласных на трехлетие 1919-1921 г.г. для чего предварительно должны быть составлены избирательные списки». Алайда ел өміріндегі 1918-1919 жылдардағы саяси төңкерістер, Алаш партиясы, Алашорда үкіметі, азамат соғысы, Семейде билік басына большевиктердің келуі және тағы басқа оқиғалар аталымш сайлау науқанын өткізуге мүмкіндік бермеді.

Шәкәрім қажының осы аласапыран жылдардағы өміріне қатысты екінші бір дерек, оның 1919-1920 жылдары Семей уезі Шыңғыс болысы бойынша халық сотының мүшесі болып сайлануына байланысты

келеді.

Семейдегі жаңа тарихи құжаттар орталығынан табылған Шәкәрімнің халық соты болып бекітілуіне катысты ресми құжаттар (кор-37, тізбе -1, іс-7) мыналар:

«М.В.Д. Чингизский волостной управитель Семипалатинского уезда Семипалатинской области. 29 июля 1919 года, №86. Пикеть Аркатский.

В Семипалатинскую Уездную Земскую Управу.

В исполнение предписания от 3 мая сего года, за №2310, при сем представляю в Земскую Управу список лиц, имеющих право быть присяжными заседателями по Чингизской волости на 1920 год, в двух экземплярах.

Управитель Кунанбаев

Писарь (подписи неразборчиво)».

«Список лиц, имеющих право быть присяжными заседателями по Чингизской волости Семипалатинского уезда на 1920 год.

1. Акылбаев Сраиль, 28 лет, грамотный, № 8 аул
2. Арапов Денслямь, 27 лет, грамотный, № 12 аул
3. Ибрагимов Изыкаиль, 26 лет, грамотный, № 8 аул
4. Ибрагимов Мекаиль, 36 лет, грамотный, № 8 аул
5. Ибрагимов Турагуль, 44 лет, грамотный, №8 аул
6. Корпебаев ислямкуль, 27 лет, грамотный, №14 аул
7. Кунанбаев Биляль, 30 лет, 6 классов гимназии, №8 аул
8. Смагулов Габбась, 35 лет, грамотный, № 13 аул
9. Сундетпаев Ислямбекь, 40 лет, грамотный, №2 аул
10. Худайбердин Шакаримь, 60 лет, грамотный, №2 аул Чингизской Волостной Управитель Кунанбаев Писарь (неразборчиво)».

Шәкәрімнің өзі:

Семейді актер менгеріп,

Қазаққа соттық жол беріп,

Сыртынан сайлап жөн көріп...

дегендей, бұл Алашорда үкіметінің Шәкәрім қажыны сырттай халық соты сайлап, оның төбе би болып билік айтқан кезін дәлелдейтін құжат. Содай-ақ Алашорда үкіметі қызметінде ғұлама ақынмен бірге аға сұлтан Құнанбай және ұлы Абай ұрпақтары да болғанын көреміз.

Профессор Қайым Мұқаметханұлы «Шәкәрім» атты мақаласында («КӘ», 15 апрель 1988 жыл) Шәкәрім мен Алашорда үкіметі арасындағы болған жайды ақынның өз өлендерінен нақты дәлелдер келтіре отырып, жан-жақты сипаттап жазады. «Шәкәрім – алашордашыл, ұлтшыл ақын емес» деген пікір айтады.

Әрине, бұл арада аталмыш мақаланың кешегі кеңес өкіметі кезінде, Алаш көсемдері Ахмет, Әлихан, Міржақып, т.б. әлі ақтала қоймаған уақытта жазылғанын ескеру керек секілді. Бүгінде бірқатар зерттеушілер Шәкәрімнің Алаш партиясы тілегінде болғанын, алайда ғұлама ақынның Алашорда үкіметі қайсыбір басшыларының «ұр да жыю» мінезі, қисықта қыңыр қылықтарымен келісе алмай, олардың үзілді-кесілді қол үзгені туралы айтып жүр. Демек, Шәкәрім

мен Алашорда үкіметі арасындағы осы «жұмбақ жайлар» әлі де зерттеуді қажет ететін мәселе.

Алашорда үкіметі басшыларымен арадағы тағы бір келіспеушілік жайды Шәкәрім өзінің «Мұтылғанның өмірі» атты поэмасында:

Тағы да мұның үстіне,
Бір ауыр іс түсті де,
Ордамыз у ішті де,
Партия шықты жалғансыз.
Болды десен кім үшін,
Белгібайдың қызы үшін,
Көбіңіз естіп, қанғансыз.
Алашорда бір бөлек,
Қауымның ойы өзгерек,
Аз нәрсені қылып кек,
Таза ақылдан таңғансыз...
Мысалдап дертімді айтқанмын,
Үміт үзіп қайтқанмын,
Үйіме тура тартқанмын,
Онымды білмей қалғансыз, – деп айтады.

Ғалым Қайым Мұқаметханұлы осы оқиғаға былайша түсінік береді: «Қаланың Белгібай дейтін байының қызын тобықтының бір үлкен байы баласына айттырып, қалың малын беріп қойған екен. Қыз Қабдолла Қоскеев деген жас мұғаліммен көңіл қосып, қашып кетеді. Байдың балалары мұғалімді ұстап алып, соққыға жығып, байлап тастайды. Осы жұмысқа билік айтуды Алашорда басшылары Шәкәрімге тапсырып, Сіз билік айтыңыз және қызды алып қашқан мұғалім жазаға тартылып, қыз айттырған жеріне баратын болсын, - дейді. Шәкәрім: мен билік айтсам, әділетін айтам, ардың билігін айтам дейді. Алашордашылар, байлар Шәкәрімге қысым жасайды. Ақыры халық алдында ашық сот болып, қыз бен жігіттің бірін-бірі сүйіп, өз еріктерімен қосылғанына көзі жеткен соң, Шәкәрім әділ билік айтып, қыз бен жігіт қосылсын дейді. Осы биліктен туған дау қала, далаға тегіс жайылады. Халық Шәкәрімге риза болып, алғыс айтса, байлар, алашордашылар қарғыс айтып, наразы болады. Шәкәрім өтірік ауруды сылтау етіп, еліне кетеді». Алашорда үкіметі ақынды халық соты қызметіне қайта қанша шақырғанымен, оған қайтып бармағанын білеміз. Ақыры, оны өздерінше, халық алдында маскара етпек болып, Шәкәрімге байкот жариялап, қаулы шығарып, өзіне жібереді. Алашорда Шәкәрімге байкот жарияласа, Шәкәрім Алашордаға өз үкімін айтады. Шәкәрім мен «Алашорда» арасындағы тарихи шындық осы (Қ. Мұқаметханов. «Шәкәрім» мақаласы. «К.Ә», 18 апрель 1988 жыл).

Шәкәрімнің ғылыми ғұмырнамасын жасау, жалпы, шәкәрімтанушы ғалымдардың алдында тұрған үлкен міндет. Осы орайда қазақтың ғұлама ақыны, тарихшы әрі шебер аудармашы Шәкәрімнің қоғамдық қызметіне катысты Семейдегі жаңа тарих құжаттар орталығынан табылған ресми құжаттардың бір көмегі болады деген ойдамыз.